

2

Жастардың
жалынды жігері

4

Тағы бір талантты
таныдық

Сыр бойы

№60 (20936) 24 сәуір, бейсенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

КЕЛІСІМ ӨРІСІ КЕҢЕЙЕДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Хорватияның Сыртқы және еуропалық істер министрі Гордан Грлич-Радманмен кездесті.

Президенттің айтуынша, Гордан Грлич-Радманның бұл сапары Хорватияның екіжақты қарым-қатынасқа тың серпін беруге ниетті екенін көрсетеді. Мемлекет басшысы екі ел арасындағы ықпалдастық өзара сенім мен сындарлы диалог рухында дами беретініне сенім білдірді.

Президент хорват компаниялары Қазақстан нарығында энергетика, инфрақұрылым, фармацевтика және тамақ өнеркәсібі сияқты салаларда жұмыс істеуге қызығушылық танытып отырғанын айтты. Қазір елімізде Хорватияның үлесі бар 30-дан астам компания табысты қызмет етеді. Олардың қатарында Pliva және Podravka секілді танымал брендтерді айтуға болады.

Мемлекет басшысы бүгінгі Қазақ-хорват бизнес форумына Хорватияның көптеген ірі бизнес өкілі қатысып жатқанын қолдады. Жиын аясында қол жеткізілген келісімдер сауда-инвестициялық ынтымақтастықтың өрісін кеңейтуге ықпал ететініне тоқталды.

Бұдан бөлек, кездесуде мәдениет және білім салаларындағы байланыстарды нығайту перспективасы талқыланды.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ГАЗБЕН ҚАМТУ: БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – 82 ПАЙЫЗ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде газ саласын дамыту және цифрландыру, ЮНЕСКО-ның қамқорлығымен мәдени мұраны сақтау және насихаттау мәселелері қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысының төрағалығымен өткен мәжілісте газдандыру жобаларына, мәдени мұраларды сақтауға қатысты тапсырмалар жүктелді.

– Газдандыру жобаларын сапалы әрі мерзімінде аяқтауды қамтамасыз етіңіздер. «ҚазақГаз Аймақ» мекемесінің қолданыстағы инвестициялық бағдарламасының мерзімі аяқталады. Алдағы бесжылдыққа жаңа инвестициялық бағдарлама дайындалуы тиіс.

2-бет

БАСПАСӨЗ –
2025

2025 ЖЫЛДЫҢ
ЕКІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА
«СЫР МЕДИА» ЖШС-НА
ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ
ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ

«Сыр бойы»
газетіне
жазылу бағасы
жөкелер үшін:
6 айға – 4000 теңге,
мекемелер үшін:
6 айға – 5000 теңге

/// 23 СӘУІР – ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

ӨРКЕНИЕТТІҢ РУХАНИ ӨЗЕГІ

Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында сөйлеген сөзінде: «Кітапқа деген махаббат – ұлттың интеллектуалды деңгейінің көрсеткіші. Көптеген елдерде кітапқа арналған ұлттық күн бар. Бізде де бұл күнге орай түрлі әдеби фестивалдер мен көрмелер өткізуге болады. Ұлттың өркениеттік жолы – кітап арқылы қалыптасады» деп атап өткен еді. Осы орайда өткен жылы Үкімет Қаулысымен «23 сәуір – Ұлттық кітап күні» болып елімізде мерекелер санатына енді.



Биыл алғаш рет аталып отырған Ұлттық кітап күнінде Президент қазақстандықтарға арнайы Құттықтауын жолдады. Онда: кітап оқу білімпаздыққа, ізденімпаздыққа жетелейтін, озық ойлы ұрпақ, сапалы ұлт осындай құндылықтар арқылы қалыптасатынын айтты.

Ұлттық кітап күні аясында елімізде апталық мәдени-көпшілік іс-шара ұйымдастырылды. Облыс орталығындағы Ә.Тәжібаев атындағы ғылыми-эмбебап кітапханасында өткен апталық іс-шаралар «Үздіктер салтанаты» атты кітап фестивалімен қорытындыланды. Мерекелік жиынға облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов қатысып, сала өкілдеріне облыс әкімінің құттықтауын жеткізді.

«Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Ұлттық кітап күнін бекітуді ұсынып, «Озық ойлы ұлт болудың төте жолы – кітап оқу» деп атап өтті. Бұл – халқымыздың асыл мұрасы кітапқа көрсетілген құрмет. Жыл сайын осы күні кітап көрмелері, акын-жазушылармен кездесулер, оқу марафондары ұйымдастырылады.

Быттыр Сыр елінде «Руханият жылы» жарияланып, мәдени нысандар бой көтерді. Аудан орталықтарында «Руханият орталықтары» салынып, жұмысын бастады. Аудандық кітапханалар осы орталықтарға көшіріліп, қор бөлімдерінің сыйымдылығы артты. Жаңа әрі заманауи ғимарат оқырман қауымға жайлы, қызметі қолайлы. Кітапханалар тәулік бойы үзіліссіз жұмыс істейді. Бұрынғы кітапханалар 55 мың кітапқа арналса, қазір 200 мың кітап сақтауға мүмкіндік бар. Жалпы, облыстағы 209 кітапханада 5 миллионға жуық кітап қоры жинақталған» – деп жазылған Құттықтау хатта.

4-бет



БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ БІРЕГЕЙ ҮЛГІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауында «Ең басты жетістігіміз – біртұтас ел болып, жаңа мемлекет құрдық. Іргемізді бекітіп, еңсемізді тіктедік. Халықаралық қауымдастықтың белді мүшесіне айналдық. Тұрақты қоғам қалыптастырып, орнықты даму жолына түстік.

Мемлекеттілігімізді нығайту үшін бір ел болып еңбек етіп жатырмыз. Егемендік дегеніміз – жалаң ұран мен жалынды сөз емес. Біз үшін ең маңыздысы – әр азаматтың Тәуелсіздік игілігін сезіне алуы. Оның басты көрінісі – елдегі бейбіт өмір, қоғамдағы тұрақтылық пен тыныштық. Сондай-ақ, халықтың тұрмыс сапасының жақсаруы және жастардың болашаққа нық сеніммен қарауы. Барлық бастамамыз осыған бағытталуда. Біз тұғыры мығым ел болу жолында кедергілерді еңсеріп, қиындықтарды жеңіп келеміз.

Мұның бәріне берекелі бірлік пен еселі еңбек арқылы жеттік» деген болатын.

2-бет

/// СӘЛИМА ЖҰМАБЕКОВАНЫҢ ТУҒАНЫНА 90 ЖЫЛ

АҢЫЗ АНА, БАТЫР АНА, ӘЗ-АНА!

Сыр елінің атақты күрішшісі, қазақ халқының қайраткер, еңбекқор, аяулы қызы, ғасырдың Батыр анасы, Социалистік Еңбек Ері, дән падишасы, аңыз Ана Сәлима Жұмабекқызы Жұмабекова туралы сыр-толғау.

Халқымыздың мақтан тұтар аяулы қыздарының бірі – Сыр өңірінің мақтанышы, қармақшылық күріш өсіруші-диқан Сәлима Жұмабекованың есімі республика жұртшылығына түгел танымал. Социалистік Еңбек Ері, Батыр ана, өз заманында үлкен мәртебе саналатын Кеңес Социалистік Республикалар Одағының Халық депутаты болған қайраткер анамыздың өмір жолы ұлтымызға өнеге, жас ұрпақ өкілдеріне тағылым мен тәрбие. Осындай ерен еңбек иелері – аға ұрпақтың еңбек дәстүрін жастардың санасына жеткізіп, оларды аянбай еңбек етуге тәрбиелеудің мәні өте зор. Еліміздің бастан кешкен тарихына зер салсақ, алдыңғы өткен аға буынның еңбек жолында қалыптасқан ізгі дәстүрлері халқымыздың жалпы ұлттық мұрасы, мақтанышы екеніне көз жеткіземіз. Себебі еңбек – өмір өзегі, бақыт кілті. «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген ұлы Абайдың ұлағатты сөзі құнын ешқашан жойған емес, жоймайды да. Біздің еліміздің алға қойып отырған мақсаттарының бірі – қоғамның рухани даму жолында адал еңбек етудің адам үшін, қоғам үшін, ел үшін алатын орнын дәріптеу, жастардың санасына сіңіру, іспен үлгі

болу. Сондықтан, жастарды еңбекке баулу арқылы аға ұрпақтың еңбек дәстүрлерінің лайықты ізбасарларын тәрбиелеп, жаңа буын тұлғаларды қалыптастыруға атсалысатынымыз анық.

Өнегелі іс өміршең келеді, ол қоғамның дамуымен үндесіп жатады. Бала тәрбиесінің ең үлкені – оны еңбекке баулу. Осы орайда қазақтың белгілі жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың «Еңбекшіл жас қана ең үздік азамат болып қалыптасады» деген мағыналы сөзін біз де құптаймыз. Сәлима Жұмабекқызы 1935 жылы Қармақшы ауданына қарасты Дауылкөл ауылдық Кеңесінде дүниеге келген. Ол өзінің еңбек жолын 1952 жылы Қармақшы ауданындағы Ленин атындағы кеңшарда жұмысшы болудан бастаған. Сәлима апай 1962 жылға дейін құрылысшы болып істеп, бұл кәсіпті шебер меңгеріп, сылақшы, тас қалаушы өнерінің қыр-сырын игерген кәнігі маман болып қалыптасады. Бірде шаруашылық басшылары егін көлемінің ұлғаюына байланысты диқандар құрамын жастармен толықтыру үшін Сәлима апайды күріш өсіруге баруын өтініп сұрайды. «Сіздер, басшылар, солай ұйғарсаңыздар, мен қарсы



болмаймын» деп, келісімін беріп, Сәлима Жұмабекова диқандыққа, күріш егу кәсібін меңгеруге батыл қадам жасайды. Бұл 1963 жылдың көктемі болатын. Сөйтіп, өзі күріш еккен екі-үш жыл ішінде жақсы көрсеткіштерге жетіп, диқандық шеберлігін шындай түседі. Оның бұл кәсіптегі үлгі тұтып, ақыл-кеңесіне сүйенген, күрішті баптап өсірудің қыр-сырына үйреткен ақылшы-

ұстазы, тәжірибелі диқан Шәймерден Шегебаев болды. Еліміздің ырысына айналған Сыр күрішін өсіруге жан-тәнімен ден қойған Сәлима апай өзі күріш еккен 1963-1966 жылдары әр гектардан 40 центнердің үстінде өнім жинайды. Бұл сол кездегі тегістелмеген және инженерлік жүйеге келтірілмеген жерден алынып жүрген жоғары көрсеткіштердің бірі еді. Қайраты мен жігері ұштасқан,

еңбектен жан рақатын тапқан, істі ұйымдастыра білетін қарым-қабілеті мол жан өндіріске жаңа ғана араласқан жастарға қамқоршы болып, еңбекке баулып, сол арқылы ауылдастары тарапынан әрдайым ризашылық пен құрметке бөленген сыйлы тұлға болғанын Батыр ананың өмір жолы туралы жазылған шығармалардан жақсы білеміз. Ауылдастары жас келіншектің бойында еңбекті қалай беріле атқарса, соншалықты ұйымдастырушылық қабілеті, адам жанын түсініп, тіл табыса білетін қасиеті бар екенін жақсы танып біледі.

1967 жылы Дауылкөл ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланып, жергілікті кеңестің депутаты ретінде де шаруашылық, қоғамдық жұмыстардың қызу ортасында жүріп, ауыл мәдениетін көтеруге, көркейтуге мол үлес қосты, өзіне тән жігерімен қай қызметте де белсенділік танытты. Сәлима апай ауылдық кеңесте бес жыл қызмет атқарады. Дегенмен, жастайынан еңбек адамдарының арасында өскендіктен, өзін кеңседе отырғаннан гөрі әрдайым егін даласында, жай-қалған күріш арасында, қызу еңбеккерлер ортасында, қызыл қырман басында еңбек көрігін қыздырып жүргенін көз алдына елестетіп, ойынан шығармағанын аңғарамыз. Сондықтан да, ол күріш кәсібін мұрат тұтты. 1973 жылы Ленин атындағы совхоздың күріш өсірушілер звеносын басқаруға тілек білдіріп, өзі таңдаған диқандық еңбек жолын қайта жалғастырады. Звенодағы жұмысын оңтайлы ұйымдастырып, күріштің өнімділігін арттырады.

3-бет

Валюта бағамы:

\$ 518,07 kzt

€ 595,21 kzt

₸ 6,37 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі

☀️ +29°

☾ +14°

Жұма

☀️ +30°

☾ +16°

ГАЗБЕН ҚАМТУ: БИЫЛҒЫ МЕЖЕ – 82 ПАЙЫЗ



Ескерткіштер аумағына ақпараттық тактайшалар, жол белгілерін орнатып, ауласына санитарлық тазалық жұмыстарын тұрақты ұйымдастыру керек. «Руханият орталықтарындағы» аудан тарихы музейлерінің экспозицияларын

ЮНЕСКО-ның мәдени мұралары тізіміне енген тарихи жәдігерлермен толықтырыңыздар. Президент пен Үкімет тарапынан

1-бет



ЖАСТАРДЫҢ ЖАЛЫНДЫ ЖІГЕРІ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Отан қорғаушы күні қарсаңында облыс әкімдігі, Оқу-ағарту министрлігінің қолдауымен, облыстық білім басқармасы, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің ұйымдастыруымен «Жастық жалынымыз – сүйікті Отанымызға!» атты республикалық патриоттық форум өтуде.



Форум колледж ауласында әскери-патриоттық митингтен және Мәншүк ескерткішіне тағзым етуден басталды.

Екі күндік іс-шара еліміздің 11 колледжінен 80-ге жуық, аймақ колледждерінен 100-ге тарта қатысушының басын қосты. Ашылу салтанатында Оқу-ағарту министрінің кеңесшісі Қ.Бөрібеков сөз алып, майдан даласында қан кешкен аға ұрпақ ерлігін жас буынға үлгі етудің, патриоттық тәрбие беруде тарихқа құрмет көрсетудің маңызын атап өтті.

Форум аясында «Мәншүк маршы» патриоттық шеруі ұйымдастырылды. Отан 500-ден астам студент қыз қатысты. Қазақтың батыр қызының ерлігін дәріптеу арқылы жастарды патриотизмге тәрбиелеу мақсатындағы шаралар жыл сайын өтеді. Оның өзегінде жалынды жастарды жігерлі де қайсар, отансүйгіш етіп тәрбиелеу, азаматтық белсенділігін қалыптастыру, тарихты құрметтеуге үндеу мақсаты бар.

Форумның пленарлық мәжілісі «Достық үйінде» өтіп, оған облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов қатысты. Ш.Байманов қатысушыларды құттықтап, ұрпақ тәрбиесіне елеулі үлес қосқан М.Мәметова атындағы жоғары педагогикалық колледж ұжымына аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың Алғыс хатын тапсырды. Одан әрі бабалар ерлігін

экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, қоршаған ортаны қорғауға баса мән берілуде. Өңірде тұрмыстық қатты қалдықтарды басқару саласында 9 жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Өнеркәсіпті дамыту қоры сараптамасының екінші кезеңінен барлық жобаның өтуін қамтамасыз етіңіздер.

Мамыр айында елімізде маңызды қоғамдық-саяси шаралар өтеді. 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні, 7 мамыр – Отан қорғаушы күні, бұдан бөлек, биыл Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Мерекелерді негізгі идеологиялық бағыттар аясында жоғары деңгейде атап өтуіміз қажет. Президент Әкімшілігі бекіткен тұжырымдамаға, көрсетілген ұстанымдарға сәйкес жұмыс жүргізілуі тиіс, – деді облыс әкімі.

Айта кету керек, аймақта елді мекендерді газдандыру жұмыстары жоспарлы түрде жүргізілуде. Өңірдегі қалалар мен аудан орталықтары түгелдей, оған қоса 45 ауыл табиғи газға қосылған. Өткен жылы газдандыру жобаларына 30 млрд 500 млн теңге бөлініп, 11 елді мекеннің 40 мыңға жуық тұрғыны газ тұтынуға көшті. Жыл басынан бері тағы 5 елді мекен газдандырылып, өңір халқын газбен қамту деңгейі 80,8 пайызға жетті.

Биыл газдандыру жобаларына 6 млрд 100 млн теңге қаржы бөлінген.

ДАҢҒЫЛ МАМЫР АЙЫНДА ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ

Қызылорда облысында жол-көлік инфрақұрылымын жаңғырту және дамыту бағытында ауқымды жұмыс жүзеге асырылуда. Соның бірі – облыс орталығындағы «Тәуелсіздікке – 25 жыл» даңғылын қайта жаңғырту жобасы.

Өткен жылдан бері Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралықтағы Сырдария өзенінің қорғаныс бөгеті нығайтылып, 6,7 шақырым жол бөлігін қайта жаңғырту басталған болатын. Құрылыс-монтаж жұмыстарын «УАД» ЖШС жүргізуде. Мердігер мекеме асфальт төсеуді аяқтады. Сонымен қатар, Сырдарияның қорғаныс бөгеті тазартылып, 1,4 шақырымға жуық дамба күшейтілді. Қауіпсіздікті арттыру мақсатында тіреу қабырғасы тұрғызылды. Қазіргі уақытта асфальттың тегістеу қабаттының 5,4 шақырымы төселіп, жарық бағаналары мен бағдаршамдар орнатылуда. Даңғыл мамыр айында пайдалануға берілмек.

Айта кету керек, облыс аумағында 3545 шақырым автомобиль жолдары бар. Оның ішінде 1024,5 шақырымы – республикалық, 555 шақырымы – облыстық, 1965,5 шақырымы – аудандық маңызы бар жолдар.

Өткен жылы жол инфрақұрылымын дамытуға республикалық және облыстық бюджеттерден 44 млрд 703 млн теңге бөлініп, 300 шақырымнан астам автомобиль жолдары, көшелер мен көпір өткелдері жөнделді.

Биыл да бұл бағыттағы жұмыс жалғасын тауып, республикалық және облыстық бюджеттерден 35 млрд теңге бөлінген. Осы қаржыға 329 шақырым жол, көшелер және көпір өткелдеріне жөндеу жұмыстары жүргізілмек.

Өткен жылдың қорытындысымен облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 92,5% болды. Ал биыл бұл көрсеткіш 95%-ға жетеді.

Жол инфрақұрылымын дамыту – өңірдің экономикалық өркендеуі, тұрғындар игілігі үшін маңызды басымдықтың бірі. Бұл бағыттағы жұмыс алдағы уақытта да жүйелі жалғасын табады.



«СБ» ақпарат

БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ БІРЕГЕЙ ҮЛГІСІ

Расымен қандай игілікті істерде жетістікке жетсек, оның бәрі ел бірлігінің арқасы екені сөзсіз. Бүгінгідей құбылмалы заманда көп-ұлтты мемлекеттерде этникалық топтар не өзге этнос өкілдері арасында татулық пен бірлікті, тұтастық пен ынтымақты сақтауда сан түрлі қиындықтар туып жатқанын көріп отырмыз. Бұл тұста еліміз мұндай қиындықтардың шешімін әу бастан түбегейлі реттестіріп қойған. Себебі Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылуы этностардың бірлігін қамтамасыз етіп, келісімді нығайтуда айрықша рөл атқарып отыр. Биыл бейбітшілік пен тұрақтылықтың жаршысы болған құрылымның құрылғанына 30 жыл толды. Осы жылдар аралығында ҚХА халықты бір арнаға тоғыстырып, олардың бірлігін арттыру жолында қолға алынған бастамалардың орталығына, қоғамдағы тұрақтылық пен татулықтың алтын көпіріне айналды.

ТАРИХҚА КӨЗ САЛСАҚ...

ҚХА 1995 жылы 1 наурызда құрылып, әуелінде Президент жанындағы консультативті-кеңесші орган болып бекітілді. Одан соң Ассамблея аталған мәртебеде де мықты құқықтық негізі мен қоғамдық-саяси мәртебесі бар конституциялық органға дейін өсті. Басты мақсаты – Қазақстанда тұратын түрлі этникалық топтар арасында сындарлы диалог, ынтымақтастық және өзара түсіністік үшін жағдай жасау.

Қазақстан халқы Ассамблеясын құру идеясын Тұңғыш Президент Н.Назарбаев алғаш рет 1992 жылы Тәуелсіздіктің бірінші жылына арналған Қазақстан халқының бірінші форумында жариялады.

Аталған бастама мәдениетаралық диалогты нығайтудың жаңа кезеңінің негізін қалады. Бұл – этносаралық қатынастарды дамыту мәселелерін жоғары деңгейде шешуге мүмкіндік жасайтын әлемдік тәжірибедегі тың бағыт.

2008 жылғы 20 қазанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заңға қол қойылды. Бұл заң – этносаралық қатынастар саласындағы негізгі принциптерді айқындай отырып, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен оның құры-

1-бет

лымдарының мәртебесін заң деңгейінде бекітті. Ұлтаралық қатынастар субъектілері жұмысының елімізде жүргізіліп келе жатқан саяси бағытпен үндес жаңа жүйесін қалыптастырды.

Сондай-ақ мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік және қоғамның азаматтық институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған Қазақстан халқы Ассамблеясының жұмысын ұйымдастыру тәртібін айқындады.

Бүгінде құрамында 350-ден астам ұлттық-мәдени орталық бар. Аймақтардағы әрбір орталық еліміздегі жүзден астам этнос өкілін, тағдыр табыстырған бауырлас халықтарды Қазақстан деген алып шаңырақтың астына топтастырып, тәуелсіз мемлекетімізде ынтымақтастық пен татулық туынын желбіреуіне, ішкі саяси тұрақтылықтың сақталып, баянды бірліктің салтанат құруына оң ықпалын тигізіп отыр.

Осы бірліктің арқасында еліміз дамыды, өсті, іргелі мемлекет болып қалыптасты. Ал 30 жылдың ішінде Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалды құрылымы нығайып, қоғамды ұйыстырушы әлеуеті толысты, ол халық дипломатиясының маңызды құрметамырына айналды.

ДОСТЫҚ МЕКЕНІ

Қазір Сыр өңірі халқының 96,2%-ы қазақ ұлты, 3,8%-ы түрлі этностық топтан құралады. Облыстық ҚХА құрамында 11 этномәдени бірлестік, аудандарда 4 этнобағытталған үкіметтік емес ұйым және 9 қоғамдық құрылым жұмыс атқарады. Этностардың басым бөлігі Шиелі, Қармақшы ауданы «ІІІ Интернационал» ауылында және Байқоңыр қаласында тұрады. Олардың мәдениетін, тілін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын сақтауына барлық жағдай жасалған.

Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы аймақтағы қоғамдық келісімді, саяси тұрақтылық пен жалпымұлттық бірлікті нығайтуда жүйелі жұмыс атқарады. Мәселен, өткен жылы өңірде «Бейбітшілік пен келісімнің мекені» жобасы шеңберінде ҚХА мен ЭМБ құрылымдарының қатысуымен этнос өкілдері

тығыз орналасқан аудандар мен ауылдарда көш керуен акциясы өтті. Этномәдени бірлестіктердің атаулы мерекелері аясында Хон Бом Донгын мемориалдық кешені қайта жаңғыртылды және «Славяне» этномәдени бірлестігінің 25 жылдығы, татар этномәдени бірлестігінің 30 жылдығы, «Алекс» би өнері мектебінің 25 жылдығы, республикалық «Көрә ильбо» газетінің 100 жылдығы, Солтүстік Кавказ халықтарының Қазақстанға қоныстанғанының 80 жылдығы, «Славяне», татар, корей, неміс бірлестіктерінің мәдени күндері аталып өтті. Сондай-ақ облыстық корей этномәдени бірлестігінің құрылғанына 35 жыл толуына орай гала-фестиваль өткізілді.

Бұдан бөлек, аймақта Қорқыт ата университеті мен Сеул Ұлттық Ғылым және технология университеті арасындағы келісім бойынша жасанды интеллект институты ашылды. Осының негізінде облыс әкімдігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігінен арнайы 100 грант бөлінді. Алдағы уақытта білім алушылар соң диплом бағдарламасын жүзеге асырады. Бұл мамандықтарды игеру арқылы өңіріміздің жастарына IT саласындағы барлық мүмкіндіктерге жол ашылады. Басты жетістік – жастарды қоғамдық келісім негізінде топтастырған «Ассамблея жастарының» ЮНЕСКО-ның жаһандық қоғамдастығының мүшелігіне енуі еді.

Бүгінде біздің облысымызда этнос өкілдері тату-тәтті тұрмыс кешуде. Елдің ынтымағы мен бірлігін арттырып, достықтың бесігін тербетіп отырған 11 этномәдени бірлестік нәтижелі де белсенді жұмыс атқарып келеді. Биылғы 30 жылдық аясында да қоғамдық келісім мен жалпымұлттық бірлікті насихаттау бойынша облыстық іс-шаралар жоспары бекітіліп, жүзеге асырылуда, – дейді облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Руслан Қаюпов.

БҮГІНГІ КҮН

Жыл басынан бері облыстық ҚХА түрлі форматта 116 іс-шара ұйымдастырды. Оның бастауында 30 жылдық мерекеге орай ұйымдастырылған «Қазіргі Қазақстандағы этносаралық келісім мен тұрақтылық» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция тұр. Одан басқа «Ассамблея жастары»

өңірлік ұйымы түрлі шаралар мен акциялар ұйымдастырып келеді. Корей этномәдени бірлестігінің «Соңалы» корей жаңа жылы, корей барабанымен самульнори ойнаудан шеберлік сағаты, «Славяне» этномәдени бірлестігінің «Масленица» мерекесі, «Рождестволық көрме» шаралары аталып өтті.

Кешенді іс-шаралар жоспары бекітілді. Мерейлі 30 жылдық аясында өңірімізде 100-ден аса іс-шара ұйымдастырылмақ. Әрбір этно мәдени бірлестіктің онкүндігі өткізіліп, ұлттық мәдени құндылықтары насихатталады. Барлық этномәдени бірлестікке ұлттық нақышта жанадан тігілген киімдер табысталады.

Өздеріңізге белгілі, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы аясында 7-8 сәуір күндері «Сыр елі – достық мекені» атты республикалық Ассамблея жастарының форумы өтті. Форумға «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаев бастаған еліміздің бірқатар өңірінен 30-дан астам көшбасшы жастар келіп қатысты. Барлық өңірден келген қонақтар өз лебіздерін білдірді.

Алдағы уақытта да ғылыми-сарапшылық топ мүшелерімен республикалық ғылыми-танымдық конференция, «Достық әуені» атты республикалық әншілер байқауы, «Анаға тағзым» республикалық форумы, жакын өңірлер арасында шағын футболдан «Достық» кубогіне арналған турнир және тағы да басқа облыстық деңгейдегі шаралар өткізу жоспарда тұр, – дейді басқарма басшысы.

Түйін: Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIII сессиясында сөйлеген сөзінде «Біз, Қазақстан халқы, өзгелердің теріс ықпалына түспейтін өз идеологиямызға сүйенуіміз керек. Біздің идеологиямыздың тірегі – мемлекетіміздің Тәуелсіздігі. Ең бастысы – дұрыс сөйлеп, жақсы ниет білдіру ғана емес, нақты жұмыс істеп, игілікті іске күн сайын күш жұмсау. Бізге бос сөз емес, нақты іс керек. Оқыту-тәрбиелеу үдерісінде «Біз әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз», «Қазақстанның халқы біртұтас» деген қағидаттар көрініс табуға тиіс. Бұл – мызғымас әрі берік қағидаттар. Мемлекеттік саясаттың басты өзегі және жалпымұлттық бірегейлікті нығайтатын негізгі фактор – бірлік» деген болатын.

Бүгінде мықты мемлекет болу үшін ұлттың ұйыса білуі айрықша маңызды. Қалай десек те ұйымдасқан ұтала. «Ынтымақ жүрген жерде ырыс бірге жүреді» деп халқымыз бекер айтаған. Осы ретте ҚХА әлі де түрлі бастамалар мен жобалардың өтуіне ұйытқы болып, ел ішіндегі бірліктің нығаюына, тұрақтылық пен келісімнің берік орнығуына атсалыса береді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

/// 23 СӘУІР – ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІ

Мереке аясында «Үздік оқырман – 2025», «Отбасылық оқудың қуанышы», «Ардагер оқырман», «Ең көп оқитын отбасы», «Ең кішкентай оқырман», «Белсенді оқырман» аталымдары бойынша марапаттар табысталды.

Фестиваль қонақтары алдымен кітапхана ғимаратының ауласында, табиғат аясында жасакталған «Кітап – жан азығы, өмір қазығы» атты жаңа кітаптар көрмесін тамашалады. Одан кейін облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазақстанның құрметті журналисі Қайырбек Мырзахметұлы, қоғам қайраткері Сайлаубай Әбішев сынды ардагерлер бастаған оқырман қауым Ө.Тәжібаев атындағы ғылыми-эмбебап кітапханасынан орын алған облыс әкімі Н.Нәлібаевтың жеке кітапханасымен танысты. Мұнда өмір басшысы өз қолымен табыстаған 700-ден астам кітап бар. Бұдан бөлек, облыстық кітапхана директоры Нұрлыбек Мынжас іс-шара қонақтарын арнайы көрмеге қойылған кітапхана қорындағы құнды кітаптармен, сирек жазбалармен таныстырды. Шыңдығында, ғасырға жуық сақталған сарытап туындылар арқылы ғаламат деректер бүгінге жетіп отырғанын бағамдадық.

«Жас ақындар аллеясында» Аружан Оралбай, Бексұлтан Самақұл, Дидар Өмірзақ, Дина Бөкебай, Нұргүл Төлеубай сияқты шығармашылығымен танылып келе жатқан жас ақындар өлең оқып, көпшіліктің қошеметіне кенелді. Мәдени-танымдық іс-шара «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында асфальтқа сурет салу, «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы, Арт-территория – шығармашылық алаңы және түрлі интеллектуалды ойындарымен, мерекелік концертпен жалғасын тапты.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, Ұлттық кітап күніне орай 16-23 сәуір аралығында Ө.Тәжібаев атындағы облыстық ғылыми-эмбебап кітапханасында ұйымдастырылған кітап апталығы түрлі рухани-танымдық іс-шаралармен айышқталды. Апталықтың алғашқы күні «Мәртебелі кітап» атты мерекелік шарада облыстық кітапхана басшысы Н.Мынжас, ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, Қазақстан Жазушылар одағы Қызылорда облыстық филиалының өкілі Қ.Есімсейітова құттықтау сөз сөйледі.



ӨРКЕНИЕТТІН РУХАНИ ӨЗЕГІ

сөйлеп, Мемлекет басшысы мән беріп, арнайы мерекелер санатына енген «Ұлттық кітап күнінің» ұрпаққа берер тағылымы жөнінде ойларын ортаға салды. Аймақтың зиялы қауымы, ғалымдар, ақын-жазушылар, сондай-ақ кітапхана оқырмандары, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттері, мектеп оқушыларының қатысуымен жаңа кітаптар көрмесінің таныстырылымы өтті.

Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, белгілі сатирик Нұрмахан Елтайдің «Әр қаллада бір князь» атты жаңа кітабының тұсаукесер рәсімі ұйымдастырылды. Жиында облыстық қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары А.Қамбаров қаламгер Н.Елтайдің облыс әкімінің құттықтауын табыстады.

Оқырмандар автор шығармаларынан дайындалған қойылымдарды және «Сатира сарыпқыраны» тақырыбында ұйымдастырылған кітап көрмесін тамашалады.

«Сыршыл мінез қаламгер» тақырыбындағы кітап көрмесі Қазақстанның құрметті журналисі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, облыс әкімінің мәдениет және әдебиет саласы бойынша «Тұран» сыйлығының иегері, жазушы Несібелі Рахметтің 70 жасқа толған мерейтойына арналды. Оқырмандар назарына жазушының қаламынан туған «Бір нәзік сезім», «Мен табынған күдірет», «Исламбек», «Құмырсқа тірлік» және «Сырлария кітапханасы» сериясымен жарық көрген «Жиденің гүлі», «Тұңжыр» атты еңбектері және мерзімді басылым беттерінде жарық көрген мақалалары ұсынылып, библиографиялық шолу жасалды.

Әдебиет, өнер өзара сабақтастығымен дамиды. Осы орайда бүгінгі әдебиеттің бел ортасында жүрген талантты ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Ғ.Мұратбаев атындағы республикалық жастар сыйлығының, «Сыр үміті» жастар сыйлығының, Қ.Аманжолов оқуларының бас жүлде

иегері, республикалық «Құміс қалам» байқауының жеңімпазы Ақжол Түменбаймен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуде ақын шығармашылығы жайлы әңгіме қозғалып, оқырманмен сыр-сұхбат ұйымдастырылды. Сонымен қатар, автор танымал әндерге айналған өлеңдерінің шығу тарихы жайлы әңгімелен берді.

Ө.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық эмбебап-ғылыми кітапханасында Шығыс Қазақстан облысының тумасы, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Франц Кафка медалінің иегері, профессор Роза Мұқановамен онлайн кездесу өтті.

ZOOM арқылы ұйымдастырылған «Балалық шақтың бояуы» атты кездесуге Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі, ақын, журналист Қ.Есімсейітова, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің доценті А.Айтбаева және филология факультетінің студенттер мен қала мектептерінің оқушылары қатысты. Кеште облыстық кітапхана басшысы Нұрлыбек Мынжас модератор болып, М.Шокай атындағы №187 ІТ мектеп-лицейінің оқушылары жазушының «Өмір солай» драмасы бойынша сахналық көрініс қойды. Бұдан бөлек, Ө.Тәжібаев атындағы облыстық эмбебап-ғылыми кітапханасы М.Мәметова атындағы Қызылорда жоғары колледжінде болып, қазақ әдебиетінің классигі Сәбит Мұқановтың туғанына 125 жыл толуына орай «Мөлдір махаббат» романына талдау ұйымдастырды. Кешке қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының студенттері қатысты.

Апталық аясында «Кітапхана түні», «Ашық аспан астындағы кітапхана» іс-шарасы, «Кітап сыйла» акциясы өтті. Сондай-ақ демалыс күндері қала тұрғындары арасында таным деңгейін таразылайтын викториналық сұрақтар қойылып, қызықты ойындар ұйымдастырылды.

Әлбетте, кітап бар жерде автор бар. Сол авторлардың, яғни қалам иелерінің де есімін елге танытып, шығармашылығының кеңірек насихатталуында кітапхана қызметкерлерінің еңбегі зор. Қорыта айтқанда, осынау апталық көлемінде ұйымдастырылған ауқымды іс-шара жас ұрпақтың ішкі мәдениетін, рухын танымын, этикалық, эстетикалық талғамын қалыптастыруға бағытталды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

2024 жылға бекітілген тарифтік сметаның, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның тұтынушылар мен өзге де мүдделі тұлғалар алдында қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу бойынша ЕСЕБІ

1. Кәсіпорынға сипаттама

«Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» акционерлік қоғамы (әрі қарай – Компания) Қызылорда облысы бойынша табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Компания қызметінің негізгі мақсаты – Қызылорда облысының электр энергетикалық желілерінің тиімді және сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету.

Компаниядағы қызметкерлер саны – 1 020 адам, оның ішінде: әкімшілік-басқару персоналы – 64 адам, өндірістік персонал – 956 адам.

Компанияның пайдалануындағы электр желілерінің жалпы ұзындығы 10 491 км, қосалқы станциялардың саны – 2 018 дана, құрылғылардың жалпы тозу деңгейі 63,9%-ға жетті.

Қазіргі таңда, құрылғылардың нақты қызмет еткен мерзімі 30-50 жылдардан астам, алайда нормативті қызмет ету мерзімі 20-25 жылдан аспауы керек.

2. 2024 жылға бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы

2024 жылға Уәкілетті орган мен Қызылорда облысының энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының бірлескен бұйрығына сәйкес құны 3 180 млн теңгені (460 млн теңге – өз қаражаты және 2 720 млн теңге – бюджет қаражаты) құрайтын түзетілген инвестициялық бағдарламасы бекітілді.

Іс жүзінде кәсіпорынның өз қаражаты есебінен 337 млн теңгеге, ал бюджет қаражатынан 2 649 млн теңгеге инвестициялық бағдарламасы іске асырылды.

Бұл ретте, жылу беру маусымында электр жүйесінен ажырату жұмыстарына рұқсат берілмеуіне, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жасалған келісім-шарт бойынша жеткізушілердің өз міндетін орындамауына байланысты жалпы сомасы 194,2 млн теңгені құрайтын іс-шаралары 2025 жылға ауыстырылды.

Инвестициялық бағдарламаны іске асыру нәтижесінде қондырғылардың орташа тозу деңгейі 66%-дан 63,9%-ға дейін немесе 2,1%-ға, ал нормативтік-техникалық ысыраптар 0,5%-ға төмендеді.

«Күрделі және ағымдағы жөндеуге арналған шығындар» 268 млн теңге мөлшерінде (күрделі жөндеу 217 млн теңге, ағымдағы жөндеу 51 млн теңге) бекітіліп, 1095 км электр желілері мен 138 дана қосалқы станцияларына күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстары толығымен жүргізілді.

3. 2024 жылға бекітілген тарифтік сметасының баптары бойынша орындалуы

«Реттеліп көрсетілетін қызметтер» үшін бекітілген жалпы шығын 8 313 млн теңге болса, нақты 9 602 млн теңгені құрап, артық шығын 1 289 млн теңге мөлшерінде қалыптасты, атап айтқанда:

- материалдық шығындар 3 млн теңге, амортизация 645 млн теңге, салықтар 59 млн теңге, Еуропалық қайта құру және даму банкінің сыйақы төлеуі шығындары 361 млн теңге, нормативтік ысыраптардың өтелуіне электр энергиясын сатып алу шығындары 339 млн теңге, өндірістік сипаттағы өзге ұйымдар қызметтері және өзге де шығындары 6 млн теңге, тарифте ескерілмейтін шығындар 173 млн теңге, жаңа тарифтің енгізілу уақытына дейін және өтемдік тарифтің енгізілуіне байланысты алынбаған табыс 350 млн теңгені құрады.

2024 жылғы 1 қаңтардан 5,86 теңге тарифі, 15 сәуірден 1 қазанға дейін 7,206 теңге, 1 қарашадан 31 желтоқсанға дейін 7,08 теңге уақытша өтемдік тарифтің енгізілуіне байланысты есепті жылдың қорытындысы бойынша орташа тариф 6,786 теңгені құрады.

Тарифте пайда ескерілмеген.

4. Реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа және сенімділік көрсеткіштерін сақтау туралы ақпарат

Электр энергиясы ажыратулары тек ауа райының қолайсыз жағдайлары кезінде орын алды. Тұтынушыларды электр энергиясымен үзіліссіз қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша энергожүйенің техникалық мүмкіндіктері, жұмыс еңгектілігі сақталды. 2024 жылы 2-дәрежелі істен шығулар 230 рет тіркелді.

Қызметтер сапасы мен сенімділік көрсеткіштері барлық нормативтік-техникалық талаптарына сай сақталған.

5. 2024 жылға негізгі қаржы-экономикалық көрсеткіштері

Оперативтік мәліметтер бойынша:

Жалпы табыс 9 484 млн теңгені құрала (негізгі қызметтен 7 963 млн теңге, өзге қызметтерден 1521 млн теңге).

Жалпы шығыстарға 10 702 млн теңге жұмсалды (негізгі қызметке 9 775 млн теңге, өзге қызметтерге 927 млн теңге).

Жылдық шығын 1 218 млн теңгені құрады (негізгі қызметтен 1 812 млн теңге шығын болса, өзге қызметтерден түскен пайда 594 млн теңге).

Өндірістік шығындар көлемі – қызметтерді апаттық жағдайларсыз және электр энергияны сапалы беру мақсатында, өндірістік қажеттілікке, сонымен қатар қосымша қызмет көрсету жұмыстарының өткізілуіне, материалдар мен жанар-жағар май нарық бағасының өсуі, нақты амортизацияның ұлғаюуы және жыл ішінде Бірыңғай сатып алушыдан электр энергияны сатып алу бағасының бірнеше рет өсуіне қарай, электр энергиясының ысыраптарын сатып алуға жұмсалған шығындардың өсуіне байланысты ұлғайды.

6. Электр энергиясын беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтер көлемдері

Тарифтік сметада бекітілген транзит көлемі 1 123 млн кВт*сағат болса, нақты қалыптасқан көлемі 1 173 млн кВт*сағатты құрап, бекітілген мөлшерден 50 млн кВт*сағатқа немесе 4,5%-ға ұлғайды. Электр энергиясының транзиті 2023 жылмен салыстырғанда (1 090 млн кВт*сағ.) 83 млн кВт*сағатқа немесе 7,6% өсті.

7. Реттеліп көрсетілетін қызметтер тұтынушыларына жасалып жатқан жұмыстар туралы

«КЭТТҚ» АҚ-ның тұтынушыларымен жұмыс жасаудың негізгі мақсаты: тұтынушыларға электр энергиясын беру бойынша қызметтерді сапалы және үзіліссіз қамтамасыз ету болып табылады.

Компанияның жарғылық капиталын ұлғайту аясында «Қызылорда қаласында электр желілерін дамыту, қайта құру және жаңғырту» жобасын іске асыруға облыстық бюджеттен бөлінген 1 634 млн теңгеге есепті кезенге жоспарланған құрылыс-монтаждау жұмыстары іске асырылды.

Сонымен бірге, облыстық бюджеттен бөлінген 46 млн теңгеге Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы «Таң» елді мекенінде 11,7 км 0,4 кВ электр желілеріне қайта құру және жаңғырту жұмыстары жүргізілді.

8. 2025 жылға кәсіпорын қызметінің перспективалары (оның ішінде электр энергиясын беру қызметінің тарифі өзгерген жағдайда)

Уәкілетті органның 2025 жылға 7,125 теңге мөлшерінде тарифі мен тарифтік сметасы бекітіліп, электр энергиясын транзиттің көлемі – 1 179 млн кВт*сағат, нормативтік ысыраптар – 170 млн кВт*сағат немесе 14,45%;

287 млн теңгеге 43,81 км электр желілері мен 57 дана қосалқы станцияларға күрделі және 50 млн теңгеге 15,67 км электр желілері мен 40 дана қосалқы станцияларға ағымдағы жөндеу жұмыстары қаралған.

Қазіргі таңда, мемлекеттік сатып алу портал арқылы материалдар мен құрылғыларды сатып алу келісім шарттары жасалып, құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Компанияның жарғылық капиталын ұлғайту аясында облыстық бюджеттен бөлінген 218 млн теңгеге 35 кВ ІІ-33,34 әуе желісінің 16 км АС-95 сымын АС-120-ға ауыстыру арқылы әуе желісінің тоқ өткізу қабілетін 300А-ден 390А-ге дейін көтеру жоспарлануда. Қазіргі таңда, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жеңімпаз анықталды.

Сонымен қатар, 317 млн теңге бюджет қаражаты есебінен компанияның электр энергиясын есептегіш құрылғыларына жаңа билдинг бағдарламасын орнату үшін 1 жиынтық Сервер қондырғысын, электр энергиясын есепке алу, төлемдерді тарифтеу және өңдеу бағдарламасын және өндірістік қажеттілікке байланысты 13 бірлік автокөлікті сатып алу жоспарлануда. Қазіргі таңда, мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жеңімпаз анықталды.

ҚР «Табиғи монополиялар туралы» Заңы және «Реттеліп көрсетілетін қызметтерді қамтамасыз ету мен транзитті ұлғайту бойынша статистика деректері бойынша қалыптасқан орташа айлық жалақысының өзгеруімен» және стратегиялық тауарлар құнының өсуіне байланысты ағымдағы жылдың 19 наурызында Уәкілетті органға тарифті мерзімінен бұрын өзгертуге өтінім берілді.

/// ЕЛ ІШІ АЛТЫН БЕСІК



ТАҒЫ БІР ТАЛАНТТЫ ТАНЫДЫҚ

Шиелі аудандық мәдениет үйінде ақын Бекзат Сәдібекулының «Ана, сендей ешкімді сүйгенім жоқ» деп аталатын шығармашылық кеші және осылай аталатын жаңа кітабының тұсаукесері өтті.

Кештің шымылдығын аудан әкімінің орынбасары Болат Смағұлов ашып берді. Мұнан соң белгілі өнер өкілдері – оралдық ақын Асантемір Қаршыға, жерлестеріміз Серік Ыдырысов, Дүйсенбек Аяшұлы, Жетес Жолдасбаев, Серік Әлшоразов, т.б. сөз сөйлеп, жаңа кітаптың көк желегін қиды.

Бұл шараны өлең тойына айналды десе де болады. Кеште ақын сөзіне жазылған Үкітай Ерниязов, Жомарт Ахметов, Жарасхан Төлебай секілді жергілікті композиторлардың бірнеше

жаңа әндерінің де тұсауы кесіліп, шыққалды. Ақын мұндай тамаша өнер салтанатын өткізу үшін құзырлы орындарға қолқа салмаған, оны ұйымдастырып, қаржылық көмек көрсетуге Үкітай Ерниязов, Әлфараби Бекарысулы, Құрманбек Боранбаев, Нұрбол Самат секілді достары, өнер жана-шырлары қолұшын беріпті.

Осы күні жұртшылық Шиеліде тағы бір талантты ақынның жүргенін таныды.

«СБ» ақпарат



«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail: smjarnama@mail.ru